

Мұнай, газ, конденсат және ілеспе компоненттер қорларын есептеуге геология-геофизикалық материалдарының көлемін және мазмұнын мемлекеттік сараптамаға ұсыну талабын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің 2007 жылғы 11 мамырдағы N 53-п бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 1 маусымдағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4693 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті төрағасының м.а. 2009 жылдың 8 шілдедегі N 54-п бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті төрағасының м.а. 2009.08.01 N 54-п бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы жер қойнауының мемлекеттік сараптамасы Ережесін бекіту туралы" 1996 жылғы 18 қазандағы N 1288 қаулысын орындау үшін **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Мұнай, газ, конденсат және ілеспе компоненттер қорларын есептеуге геология-геофизикалық материалдарының көлемін және мазмұнын мемлекеттік сараптамаға ұсыну талабы бекітілсін.

2. Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің көмірсутегі шикізатты геологиялық зерттеу және жер қойнауын пайдалану басқармасы белгіленген заңнамалық тәртіп бойынша Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуі қамтамасыз етілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті төрағасының орынбасары - О.Ш.Құлсаринға жүктелсін.

4. Осы бұйрық ресми бірінші жарияланған күнінен бастап он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Қ а з а қ с т а н		Р е с п у б л и к а с ы
Энергетика	және	минералдық
ресурстар		министрлігі
Геология	және	жер қойнауын
пайдалану	Комитеті	Төрағасының

Мұнай, газ, конденсат және ілеспе компоненттер қорларын есептеуге геология-геофизикалық материалдарының көлемін және мазмұнын мемлекеттік сараптамаға ұсыну

Талабы 1. Жалпы ережелер

1. Мұнай, газ, конденсат және ілеспе компоненттер қорларын есептеуге геология-геофизикалық материалдарының көлемін және мазмұнын мемлекеттік сараптамаға ұсыну Талабы (әрі қарай - Талап) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген 1996 жылғы 18 қазандағы N 1288 Қазақстан Республикасының жер қойнауын мемлекеттік сараптау Ережелеріне сәйкес әзірленді.

2. Осы Талаптағы қолданылатын негізгі ұғымдар Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрінің міндетін атқарушының 27 қазандағы 2005 жылғы N 283 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3945 тіркелген) "Мұнай және табиғи көмірсутек газы кен орындарының қорларын, перспективалық және болжамдық ресурстарын сыныптау жөніндегі Нұсқаулыққа" келісіп алынған.

көмірсутегі қорлары - айқындалған, барланған және кені игеріліп жатқан шоғырлардағы стандарт жағдайға (0,1 МПа, 20⁰ С) келтірілген мұнай, конденсат және ілеспе компоненттердің массасы және газдың көлемі;

геологиялық қорлар - жер қойнауында табылатын мұнай, газ және конденсат қ о р л а р ы ;

тиімді (шығарып алынатын) қорлар - табиғат ортасын қоршаған және жер қойнауын қорғау талаптарын сақтаумен осы күнгі мақұлданған технология мен техниканы пайдаланғанда шығарып алуы экономикалық тұрғыдан орынды қорлар. Геологиялық қорлар бөлігі мұнай, газ және конденсатты шығарып алу коэффициенттерімен анықталады;

тиімсіздер қорлар - қазіргі уақытта экономикалық орынсыз шығарып алынған қ о р л а р ;

мұнай, газ және конденсаттың шығарып алу коэффициенттері - алдыңғы қатардағы өндіру технологиясы мен техникасын қолданып, сондай-ақ жер қойнауымен шоғырларды экономикалық тұрғыдан тиімді шегіне дейін қолайлы режимде пайдаланғанда қорлардың немесе ресурстардың қандай бөлігін жер астынан шығарып алуға болатындығын көрсететін шамалар;

қорларды есептеу - жер қойнауындағы пайдалы қазбалардың көлемін анықтау

;

қорларды есептеу түрлері кен орындарды зерттеу дәрежелерінің тәуелдігінде болады: қорларды оперативтік есептеу, қорларды есептеу, қорларды қайта есептеу, қорларды төменгі категориядан жоғарғыға өткізу, қорларды есептеу әртүрлі әдістермен өтуі мүмкін: көлемді, көлемді-статистикалық, көлемді-салмақты, материалды балансты, статистикалық, қысымның түсуі бойынша (газ қорын есептеу кезінде).

2. Материалдарды табыс ету үлгісі

3. Жер қойнауын пайдаланушы есептеу материалдарын есептеу үлгісімен қағаз және электронды түрде табыс етеді. Есептеу материалдарын жер қойнауын пайдаланушының кадрлар қызметі растайды.

4. Қорларды есептеу құжаттарына ұсынылады:

кенорындардың геологиялық құрылымдарының айрықшылығы жөнінде, геологиялық - барлау жұмыстарын жүргізілгендігі, геологиялық есептеу нәтижелері және шығарылған қорлардың көлемдерімен 15 бет көлем аумағында, есептеу авторларымен куәландырылған төрт данада қысқаша анықтама;

ұңғымалардың координаттар тізімі, бөлек том түрінде ресімделеді және Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің Мемлекеттік құпияларды қорғау бойынша бөліміне арнайы почта арқылы жіберіледі;

есептеу авторларымен және жер қойнауын пайдаланушылармен бірігіп қаралған материалдардың хаттамасы;

геология және жер қойнауын пайдалану Аумақтық басқармадағы пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі Аумақтық комиссиясының (АҚК) есептеу материалдарын қараудағы хаттамасы (қорытынды).

3. Есептеу материалдарының мазмұнына қойылатын талаптар.

5. Қорларды есептеу материалдары құрайды:

есеп беру мәтіні, кенорнының геологиялық құрылысы туралы мағлұмат, онда жүргізілген зерттеу, барлау және эксплуатациялық жұмыстарының нәтижесі және қорларды есептеуін негіздейтін басқа да материалдар; қорларды есептеудегі нәтижелер, кенорынды игерудегі дайындығының бағасы. Жобаланған немесе игеру жүйесінде өзгерістерді жүзеге асыру бойынша ұсыныстар, кенорындарын бағалауға дайындығын өндірісте меңгеру. Бұрын ҚЖМК бекітілген кенорындар бойынша қорлар, қорлардың өзгеруіне және бұрынғы бекітілген параметрлерді есептеу бойынша детальды сараптамалар келтірілуі керек;

мәтіндегі қосымшаларда тәртібін құрайтын құжат, гидрогеологиялық, геофизикалық, геологиялық барлау жұмыстарының құжаты және ұңғыманы

зерттеу және басқа да ақпарат, қорларды есептеу үшін қажет, сонымен қатар мәтінде көрсетілген қорытындылар және негізгі жағдайлардың негізіндегі м ә л і м е т ;

қорларды есептеу нәтижелері және операциялары қорларды есептеу параметрлерінің анықтамасы, кенорындардағы бұрғыланған ұңғымалар жөніндегі ақпараттан тұратын таблицалық қосымшалар;

графикалық қосымшалар, геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері көрсетілген: кенорынның геологиялық құрылымы, мұнайгаздылығы, есептелген қорлардың контурлардың жағдайы, өнімдік резервуардың құрылымы және тағы да б а с қ а ;

ілеспе компоненттер және мұнай, газ, конденсат қорларының шығарылғандығы анықтайтын негізін құрайтын және олардың компонентерден тұратын, мұнай, газ, конденсаттардан алынған коэффициенттерінің техника-экономикалық негізі (ТЭН).

6. Қорларды есептеу материалдары барлық мағлұматтарды құрайды, автордың қатыссыз есептеуге тексеріс жүргізуі. Қорларды есептеу материалдары, компьютерлік технологияны пайдалануымен орындалған мағлұматтан тұрады, тексеріс жүргізуге және соңғы нәтижелеріне.

4. Есеп беру мәтін бөлімінің ресімдеуіне және мазмұнына қойылатын талаптар.

7. Тармақтардың көлемі және шығарманың толықтығы кенорынның геологиялық құрылысының ауырлығына, сонымен қатар геологиялық барлау, ғылыми-зерттеу және игеру бойынша жүргізілген жұмыстарының шешіміне байланысты дайындаушы өзі анықтайды. Әрбір тармақта алынған деректердің және зерттелген сұрақтың сапасының толықтығы жайлы қысқаша шешімдер келтірілуі керек.

8. Қорларды есептеу құжаттарын ұсыну кезінде толық әдістеменің мазмұны және қосымша өткізілген жұмыстардың аумағы, олардың сапасы, тиімділігі, нәтижесі келтіріледі. Өзгертусіз қалдырылған мәліметтер, алдыңғы есеп берулерде қысқарған түрде сілтеме ретінде келтіріледі. Игерілген кенорындары бойынша, алдындағы геологиялық барлау жұмыстары бойынша ұсыныстар жүргізілген жоқ, "Геологиялық барлау жұмыстары" және "Геологиялық барлау жұмыстарының тиімділігі және сапасы" бөлімдері есеп беру мәтінінен алынып тасталады.

9. Әрбір кітаптың мәтін аумағы 300 беттен аспауы керек. Мәтінге қосылған кестелі материалдарының жалпылама мінезі болуы керек. Жалпылама және шешім негізінде жасалған көмекші құжаттар мәтіннің қосымшасына

орналастырылады. Суреттеуші құжаттар (карталар, схемалар, кестелер, суреттер) мәтінде міндетті түрде керек болған жағдайда ғана орналастырылады. Қорларды есептеу кезінде пайдаланылған негізгі өлшем бірліктері осы Талаптың 1-4 қосымшаларында келтірілген.

10. Есеп беру мәтіні келесі тәртіп бойынша орналастырылады:

- 1) к і р і с п е ;
- 2) кенорындары туралы жалпы мәлімет;
- 3) аумақтың және кенорындарының геологиялық құрылымы;
- 4) геологиялық барлау жұмыстары, оның ішінде: геологиялық түсіру;
гидрогеологиялық зерттеу;
геофизикалық барлау әдісімен зерттеу;
салалы-картировкалы бұрғылау, іздестіру және барлау ұңғымалары;
ұңғыманы геофизикалық жолмен зерттеу (ҰГЗ);
көрінді материалдарды ұсыну әдісі және шешімі;
ұңғымаларды сынамалау нәтижелері және әдістемесі;
өндірістік-тәжірибелік пайдалану және сынамалау нәтижелері;
- 5) мұнай, газ және конденсаттың қасиеті және құрамы, олардың компоненттерінің өндірістік бағалау белгісі;
- 6) пласты сулар қасиеті және құрамы, компоненттерінің өндірістік баға беру б е л г і с і ;
- 7) керн талдауының нәтижелерінің қақпақшалары және өнімді пластар коллекторларының физикалы-литологиялық мінездемесі;
- 8) ҰГЗ құжаттарының интерпретациялы шешімі және әдісі;
- 9) кенорындарының мұнайгаздылығы;
- 10) кенорындарын игеру туралы мәліметтер;
- 11) қорлар категорияларының негізі, есептелген параметрлер және мұнай, газ, конденсат және ілеспе компоненттерінің бастапқы қорларын есептеу;
- 12) ҚЖМК-мен бұрын бекітілген пайдалы қазбалар қорлардың қорытынды е с е б і н с а л ы с т ы р у ;
- 13) іздеу-барлау жұмыстары процесіндегі қоршаған ортаны қорғау және жер қойнауын кешенді және тиімді пайдалану шаралары;
- 14) геологиялық барлау жұмыстарының тиімділігі және сапасы;
- 15) қ о р ы т ы н д ы ;
- 16) қолданылған құжаттардың тізімі.

11. Бөлімдерде келесі мағлұматтар көрсетіледі:

- 1) "Кіріспе" бөлімінде:
жер қойнауын пайдаланушы туралы мәлімет;
кен орынды қандай жобалық құжаттар арқылы игеру жүргізіліп жатқаны;
кенорнының ашылған уақыты және геологиялық барлау жұмыстарын өткізу

мерзімі. Кен орнында жүргізілген геологиялық-барлау жұмыстарының
мақсаттары ;

ҚЖМК-ның қорларды бұрын бекіткен хаттамаларының кезекті сандары және күнтізбелік уақыты, ал қорларды бекітуден бас тартқан жағдайда құжаттарды қайтару себептері ;

бекітілген қорлар (категориялар бойынша), қор-есеп себептерін анықтау;

ҚЖМК-мен алдында қаралған құжаттардың берілген ұсыныстардың орындалуы туралы мағлұматтар ;

2) "Кен орны туралы жалпы мәліметтер" бөлімінде:

кен орнының географиялық және әкімшілік тұрғыдан алатын орны. Ең жақын елді мекендер, оларға дейінгі қашықтық. Тасымалдық (транспорттық) жағдай, кен орнынан ең жақын ірі елді мекенге, теміржол немесе сужол аялдамаларына, мұнай немесе газ құбырына, пайдалану үстіндегі мұнай немесе газ кен орнына, энергия жабдығына және сейсмикалық ауданға дейінгі қашықтық;

кен орнының және табиғи-климатикалық ауданының жағдайы: орташа айлық, орташа жылдық және өрескел (экстремалдық) температуралар, жылдық және қысқа мерзімдік жауын-шашынның көлемі, үстемдік ететін желдердің бағыты мен қуаты, қардың қалыңдығы мен таралуы, маусымдық тоңның қалыңдығы; рельеф, гидрографиялық кесте, жергілікті жердің саздануы, кен орнына жақын немесе оның аумағындағы ағын сулар, суайдындар және мұнай және газ өндіру өнеркәсібін алдағы уақытта техникалық және ауыз суды пайдалану мүмкіндігі;

кен орнын ашу және барлау тарихы, кен орнын алғаш ашушылар, бұрын жүргізілген жұмыстар және зерттеулер, олардың тәсілдемесі, көлемі, сапасы және әсерлігі (тиімдігі) жөнінде қысқаша мәліметтер. Пайдаланудағы кен орындар бойынша - пайдалануға қосылған жылы, пайдаланылып жатқан қабаттар (шоғырлар) ;

3) "Кен орнының геологиялық құрылысының ауданы" бөлімінде:

ауданның геологиялық құрылысы туралы қысқаша мағлұматтар. Ауданның жалпы геологиялық құрылымы шегінде кен орнының алып жатқан орны. Қабылданған стратиграфиялық сызба (схема). Кен орынның қимасын құрайтын шегінділер кешенінің (жиынтығының) қысқаша сипаттамасы, бұл тұста стратиграфиялық бөлшектердің геологиялық жасы, кеңістікте таралуы, қалыңдығы және созылымы мен сүңгуі бойынша үздіксіздігі көрсетіледі. Жиынтықтық (нормалдық) геологиялық-геофизикалық қимамен және стратиграфиялық бөліністер кестесімен безендіріледі;

кен орнының бірінші және екінші реттегі (қатардағы) тектоникалық элементтерге орайласуы. Кен орнының тектоникасы туралы негізгі мағлұматтар: катпарлардың түрлері, пішіні, аумағы, осьтерінің бағыты, канаттарындағы жыныстардың сүңгу бұрышының өзгеруі, шөгінділердің құрылымы; үзілмелі (

опырымалы) бұзылыстар - жайғасу элементтері, жылжу амплитудасы мен сипаты. Ұсақ амплитудалық бұзылыстардың айқындалып орын тебу заңдылықтары. Мұнайлы-газды қабаттардың кескіні мен жайғасу жағдайына тектоникалық бұзылыстардың тигізетін әсері;

құрылымдық кескіндемелердің (құрастырмалардың) жүргізілген геофизикалық зерттеулер, құрылымдық бұрғылау және барлау барысында алынған нақтылы деректермен, ал пайдаланудағы кен орындары бойынша - пайдалану құжаттарымен де расталуы;

бұрын қорлары бекітілген пайдаланудағы кен орындары бойынша - кен орнының құрылысын сипаттайтын бұрынғы құжаттардағы мәліметтерді оны пайдалану және қайта барлау барысында алынған деректермен салыстыру, белгілі болған (айқындалған) айырмашылықтарды талдау, алдыңғы геологиялық-барлау жұмыстарының күмәнсыздығын бағалау;

кен орындардың геологиялық үлгілерін алдыңғы есептеу үлгілерімен салыстыру, игеріліп жатқан кен орындар үшін, бұрынғы бекітілген қорлардың үйлеспеушілігін айқындау талдауы;

әртүрлі тіректік беткейлер бойынша геологиялық қималармен және құрылымдық карталармен безендіріледі;

4) "Геологиялық-барлау жұмыстары" бөлімінде:

геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу жобасы жөнінде мәлімет. Кен орындарды барлау жүйесінің анықтамасы: бұрғыланған қабаттар мен оларды бұрғылау тәртібі, әртүрлі ұңғымалардың саны мен оларды орналастыру тәсілдері, ұңғымалар арасындағы ара қашықтықтар; мұнайлы-газды шектемедегі ұңғымалар саны; бүкіл қима және өнімбергіш қабаттар бойынша тасбаған алу үшін ұңғымаларға түсетін жобалық салмақтар, қабаттарды сынамалау тәсілдерінің кешені;

геологиялық түсіру нәтижелері және әдістері, геологиялық түсіруі; геологиялық зерттеу және бақылау әдісі, мазмұны, көлемі; геофизикалық барлау әдістерімен зерттеу. Зерттеу нәтижелері және көлемі, қолданылатын әдістер көлемі және оларды жүргізу әдісі, алынған мәліметтер нәтижелері;

бұрғыланған ұңғымалардың өзіндік мақсаттары, олардың конструкциялары, бұрғылау технологиясы, тереңдігі және техникалық күйі. Бұрғыланған ұңғымалардың қаражаты қорлар есебінің датасының күйі, жойылған ұңғымалардың саны және оларды жоюдың себептері, ұңғымаларды нұсқадан тыс пайдалану, барлық бұрғыланған ұңғымалардың жағдайлары туралы есептеу уақытына, қорларды қайта есептеуінде мәлімет, геологиялық-барлау жұмыстарының бұрын қабылданған әдістемесі мен барлау ұңғымаларын орналастыру жүйесінің кен орны геологиялық құрылысына сәйкестігін талдау;

барлық кесінділермен ұңғымалардан кернаны шығарып алуы туралы мәлімет және бөлек өнімді қабаттармен, мұнай-газ жиналған аралықтардағы кернамен арналғандығы;

ұңғымалардың техникалық күйінің кестелері және керн алынған ұңғымалар кесінділерінің арналғандығы, құрылым карталары, іздеу жүргізу үшін және барлау жұмыстарын зерттеу объектісінде, бұрғыланған ұңғымалар қоры картасымен;

ҰГЗ - мен жүргізілген көлем. Әдістер қолданылған комплекс және оның анықтамасы, ұңғымалар саны, әртүрлі әдістермен зерттелгендер, зерттеу әдістерінің тізбесі, барлық өнім бергіш қабаттармен орындалған, олардың салдары. Жүргізілген жұмыстардың техникасы (түрлері және зонд мөлшерлері, масштабтары және геофизикалық параметрлер диаграммасын тіркеу жылдамдығы), олардың нәтижелері және сапасы. Апаратуралардың және жаңа геофизикалық әдістерді пайдалану дәрежелері. Сұйықтықтың физикалық құрамы және тағы да басқа;

игеріліп жатқан кен орындарға ҰГЗ-ның кешенінің өзгеруі эксплуатациялық бұрғылау созылған уақытқа дейін, ҰГЗ-ны жүргізу шарттары, балшық қоспаларының мінездемелерінің өзгеруі және тағы басқа;

ұңғымалардан алынған құжаттардың сапасы көрсетілген ҰГЗ-ның көлемдерінің кестелері;

кабельдерде және трубаларда бұрғылау процесінде ұңғымаларды байқау нәтижелері және әдістері;

ұңғымаларды байқау нәтижелері және әдістері, қабаттарды ашу жағдайы, жару түсімі жағдайы, түсім интенсификациясы туралы мәлімет, мұнай және газ түсімдерін өлшеу жалғастығы, ұңғымалардың өнімділігі, әр түрлі тәртіптегі дебеттердің орнықтылығы, забойларды тазалау жағдайы, депрессиялары, газ құрамдары, конденсат құрамдары және тағы да басқа;

ұңғымалардың байқау нәтижелері және әдістерінің кестелері және бұрғылау процесіндегі байқау нәтижелерін салыстыру;

сутасығыш аралықтары, ашық стволдағы пласто зерттеумен байқау, ҰГЗ-мен құжаттарымен атап көрсетілген. Сутасығыш объектілерінің саны, олардан алынған судың және газдың сынамасы;

тәжірибелік-өндірістік пайдалану және сынаманың нәтижелері: ұңғымалар саны; әрбір ұңғыманың жұмыс уақыты, өндірілген мұнай, газдың саны, әрбір ұңғымадағы конденсат пен газ, депрессияның өзгеруі, мұнай, газ, конденсат және судың дебеттері; қабат қысымының өзгеруі;

кен орындарды игеру және барлау кезіндегі тәжірибелік-өндірістік жұмыстары: мақсаты, технология жүргізу, жұмыс нәтижелері және мерзімдері; сәйкестік кестелер және сызбалар;

5) "Мұнай, газ және конденсаттың қасиеттері және құрамы, олардың құраластардың өнеркәсіптік маңызын бағалау" бөлімінде:

тереңдік сынамаларды алу жағдайлары мен әдістемесі - алу тереңдігі, қабаттық қысым, қабаттық температура. Өнімбергіш қабаттар бойынша жер бетінде және тереңдікте алынған сынамалардың саны мен сапасы. Зерттеулердің әдістері. Зерттеуді жүргізген ұйымның атауы. Әр қабат (шоғыр), аумақ және қима бойынша мұнай мен газ құрамының зерделену толықтығын негіздеу;

мұнай, газ және конденсаттың қабаттық және қалыпты (стандарттық) жағдайларындағы физикалық-химиялық қасиеттері, тығыздығы, тұтқырлығы, газұстамдығы (газдылығы), көлемдік коэффициенті, сығымдар коэффициентер құрамы - күкірт, металдар, гелий және басқа да құрылыстары. Құрамы мен қасиеттері бойынша жеке көрсеткіштердің шоғыр аумағымен қима бойынша өзгергіштігі және әр шоғыр бойынша олардың орташа шамалары;

мұнай, газ және конденсаттың тауарлық сипаттамасы. Мұнай, газ және конденсатты мемлекеттік қалыптардың (стандарттардың) тиісті топтарына ж а т қ ы з у т у р а л ы қ о р ы т ы н д ы ;

б) "Қабат суларының қасиеті және құрамы, оларды компоненттерінің өнеркәсіптік мәнінің бағасы" бөлімінде:

игеріліп жатқан кен орындарға қысқаша мәлімет, ұңғымаларды зерттеулерін қосымша нәтижелері, құжаттардың алдында қаралғаннан кейін бұрғыланған, осымен бірге алдында берілген мәліметтер жана берілгендермен салыстырылады. Нәтижелердің ауытқуы анализ себептерінің ауытқуында;

суасты суларының химиялық және физикалық құрамы (нақты зерттеулер нәтижелері, газ мазмұнының анықтамасы, газдың құрамының анықтау және қысым коэффициенттері), минерализация, металға, цементке. Суасты суларының йодында, борда, бромында және басқа да пайдалы компоненттер, геологиялық-барлау жұмыстарын әрі қарай анықтау;

үлкен көлемде бөлім мәліметтері кесте түрінде ресімделеді; техникалық су жабдықтарында және ауыз су үшін, жылу энергетикасында жер асты суларын пайдалану мүмкіншілігіне қорытынды;

7) "керна анализінің нәтижелеріне және өнімбергіш қабаттардың тасбаған бойынша физикалық-литологиялық сипаттамасы" бөлімінде:

тасбаған үлгітастарын шөгінділер қимасына байластыру, тасбаған алу әдістемесі және алынған тасбағанның сапасы. Физикалық параметрлерді зерделеу әдістемесі. Зерттелген тасбаған үлгі тастарының жалпы саны (мұның ішінде кеуектілік пен өткізгіштіктің орташа шамаларын, уәкілді емес үлгі тастарды шығарып тастай отырып, таңдап алуда есепке алынғандар) және оларды қимаға байластыру, әр ұңғыма қимасын, жалпы қиманы және шоғыр аумағын тасбағанмен сипаттау біркелкілігі;

тасбаған бойынша ашық кеуектілік пен сіңірушіліктің төменгі шектік шамаларын негіздеу, коллекторлар түрін анықтау, ҰГЗ деректерін талдауды қамтамасыз ету және есептік параметрлерді негіздеу үшін петрофизикалық зерттеулер. Зерттеулер кешенімен әдістемесі, алынған өзара тәуелділіктер;

әр өнімбергіш қабат бойынша коллектор-жыныстар үшін; заттық және түйірлік (гранулометриялық) құрам, түйіршіктердің малталануы және олардың ерекшелік дәрежесі, цементтің түрі (типi) мен құрамы, балшықтық материалдың құрамы және қабатта таралуы, жыныстардың сиымдылық және фильтрациялық қасиеттері (ашық кеуектілігі, жарықшақтығы, ұсақ қуыстылығы, суға және мұнайға-газға қалдықтық қаныққыштығы, абсолюттік және әсерлі сіңіргіштігі), қабаттың аумағы мен қимасы бойынша өзгеру заңдылықтары, коллектор-жыныстардың физикалық қасиеттері (электрөткізгіштігі, сығылу коэффициенті, серпілмелігі, риоактивтігі тағы да басқа) және солар мен коллекторлық қасиеттер арасындағы есептік параметрлерді негіздейтін басты тәуелділіктер ;

пайдаланудағы кен орындары үшін қор-есеп қайта жүргізілгенде тек қана жаңа өнімбергіш қабаттар бойынша физикалық-литологиялық қасиеттер туралы жан-жақты сипаттама беріледі. Бұрын зерделенген қабаттар бойынша онан кейінгі зерттеулер деректерімен толтырылған қысқаша мағлұматтар беріледі. Өзгеріссіз қалған коллекторлардың параметрлері тиісті есептік жазбаға сілтеме жасалып келтіріледі ;

жамылғы жыныстардың литологиялық және петрофизикалық қасиеттері арасындағы тәуелділіктің сипаттамасы: заттық құрам, кеуектілік, жарып шығу қысымы тағы да басқа ;

тасбағанның жазба сипаттамасымен тасбағанды талдау кестелерімен және тиісті графикалық қосымшалармен жолдамаланады;

8) "Ұңғымаларды геофизикалық зерттеу құжаттарының талдау нәтижелері және әдісі" бөлімінде :

ұңғымаларға жүргізілген геофизикалық зерттеулердің (СТС) көлемі. Қолданылған әдістер кешені және оны негіздеу, әртүрлі әдістермен зерттелген скважиналардың саны, әрбір өнімбергіш қабат бойынша орындалған зерттеулер әдістерінің тізбесі және олардың әсерлігі. Жүргізілген жұмыстардың техникасы (зондтардың түрлері мен аумақтары, каротаждың масштабы мен жылдамдығы, жуғыш еріткінің физикалық қасиеттері), олардың сипаты мен нәтижелері. Ең жаңа геофизикалық әдістер мен аппаратураны пайдалану дәрежесі;

пайдаланудағы кен орындарын ұзақ уақыт пайдалану үшін бұрғылау барысында ҰГЗ кешенінің, оларды жүргізу жағдайларының балшық ерітіндісі сипаттамаларының тағы да басқа өзгеруі;

қорлары бұрын бекітілген пайдаланудағы кен орындары бойынша алдыңғы

және жаңа қор-есепте келтірілген ұңғымаларды геофизикалық зерттеу нәтижелерін өзара салыстыру, ал өзгерістер болған жағдайда - айырмашылықтардың себептерін талдау қажет.

Алынған параметрлердің күмәнсыздығын талдау және оны көтеру жөнінде ұ с ы н ы с т а р ;

қор-есеп үшін бұрын пайдаланылған ҰГЗ нәтижелерін қайта интерпретациялаған жағдайда - қабылданған өзгерістерді негіздеу. Бұрынғы қор-есеп бойынша қабылданған параметрлер, олар негізделген есептік жазбаға сілтеме жасай отырып, келтіріледі;

ұңғымалар бойынша масштабы 1:200 планшеттермен жабдыкталады, бұларға орындалған ҰГЗ-ның барлық әдістері, айқындалған әсерлі қабаттар, су-мұнай, газ-мұнай және газ-су шекараларының абсолюттік биіктіктегі орындары, жыныстардың фильтрациялық-сиымдылық қасиеттері жөнінде тасбағандық ақпарат және қажет болса басқа да ақпарат түсіріледі. Қажет болғанда қосалқы сызба графикалық қосымшалар беріледі. Ең үлкен өнімділік қабатында планшеттер табыс ету 1:500 масштабында жіберіледі;

ҰГЗ құжаттары және тіл терминологиясымен пайдаланылған интерпретация нәтижелері, интерпретация бағдарламасын пайдаланған жағдайда ғана, сол үшін әрбір терминді графикалық қосымшаларда немесе анықтамалық жазбада орыс тілге аудару қажет болады;

9) "Мұнайлы-газдылық" бөлімінде:

ауданның мұнайлы-газдылығының қысқаша сипаты. Өнімбергіш қат-қабаттардың кен орны қимасындағы орны. Өнімбергіш қабаттар, шоғырлар с а н ы ;

өндіріліп жатқан кен орындардың қиын шығарылатын қорлардың игеру объектілерінде қорлардың құрылымдарын атап көрсету жөніндегі мәлімет;

кен орнының геологиялық-кәсіпшілік түр-сипаты (моделі):

мұнай шоғыры табиғи кеңістігінің (резервуарының) құрылысын негіздеу (әсерлі қат-қабаттардың аудан мен қима бойынша жайғасу ерекшеліктері, коллектор түрлерінің таралуы, коллекторлық қасиеттер нашарлаған және жақсарған зоналар, салалану және құмтастану коэффициенттері); су-мұнай, газ-мұнай және газ-су шекараларын негіздеу; шоғырлардың аумағы мен биіктігі, газды, мұнайлы, газасты, сулы-мұнайлы зоналардың аумағы, шоғырдың түрі (т и п і) ;

өнімбергіш қабаттардың салыстырмалы сипаттамасы; өнімбергіш қабаттар арасындағы шекаралық беткейлердің сипаттамасы; өнімбергіш қат-қабаттың жалпы биіктігі, шоғырлар жоспарларының өзара қатынасы; қабаттық флюидтер қасиеттерінің аумақ және қима бойынша өзгеру заңдылықтары; шоғырларды өнім беру (мұнай, газ шығарып алу) мүмкіндігі тұрғысынан салыстырмалы түрде

сипаттау; өнімбергіш қиманың термобарометриялық сипаттамасы; пайдаланудағы кен орындары бойынша бөлім пайдалану объектілері бойынша қорлардың, шығарып алуы қиын қорларды бөліп көрсете отырып, құрылымы туралы мәліметтермен толықтырылады;

10) "Кен орынды игеру жөнінде мәліметтер" бөлімінде:

Кен орнын барлау аяқталмай тұрып, барлау немесе алдын ала пайдалану үшін бұрғыланған және ұңғымаларды тәжірибелік пайдалануға қосқанда мынадай деректер келтіріледі: тәжірибелік пайдалануда тұрған ұңғымалар саны; әр ұңғыманың жұмыс істеу уақыты; әр ұңғыма және шоғыр бойынша мұнай, газ, конденсат және судың көлемі; әр ұңғыманы тәжірибелік пайдалану мерзімінде деңгей ойыстарының, мұнай мен газ шығымының және қабаттық қысымдардың өзгеруі; өнім ағымын қарқындату мақсатында бауыздық маңы зоналарын өңдеу; ұңғымаларды сынамалау және зерттеу барысында апаттық фонтан шығу салдарынан мұнай, газ, конденсат және судың ысырап болу шамасы. Газ шоғырлары үшін газ алу, ысырапты ескере отырып, нәтижелері, қорларды қысым төмендеу әдісімен есептеуге қажетті бастапқы ағымдық қабаттық қысымдар және басқа да деректер беріледі;

11) "Қорлар категорияларының негізі, есептелген параметрлер және мұнай, газ, конденсат және ілеспе компоненттерінің бастапқы қорларын есептеу" бөлімінде:

әрбір қор-есеп объектісі бойынша қорлардың категорияларын оқшаулауды (бөлу) негіздеу;

қор-есептің қабылданған әдістік кен орнының геологиялық құрылысы ерекшеліктері мен оның зерделену дәрежесіне орай негіздеу;

есептік параметрлердің қабылданатын шамаларын негіздеу. Есептік параметрлерді әртүрлі әдістермен анықтау нәтижелерінің өкілділігін бағалау (тасбағандық және ұңғымаларды геофизикалық зерттеулер бойынша) және олардың шектік (шеткерлік) шамаларын негіздеу. Қор-есеп қайта жүргізілгенде - қабылданған есептік параметрлерді бұрын бекітілгендермен салыстыру, есептік параметрлердің өзгеру себептеріне, қабылданған шамалардың өзгеруін көрсететін нақтылы айғақ құжаттар келтіре отырып, талдау жасау;

шоғырлар мен есептік блоктардың аумағын шектеудің қабылданған принциптерін негіздеу: ұңғымалар сызықтары бойынша, экстраполяция жеке интерполяция әдістерімен;

ұқсастық әдіс қабылданған жағдайда есептік параметрлес ұқсас кен орындары бойынша дұрыс тандап алынғанын растайтын. Бастапқы деректер келтіріледі де осы деректерді бағаланып отырған кен орнына қатысты пайдалану мүмкіндігіне негіздеу беріледі;

мұнай қорын көлемдік әдіспен есептегенде қор-есеп объектілері бойынша

